

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2015 жылғы « ____ » _____
№ _____ қаулысымен бекітілген

**«Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін
медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы
анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет
регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті берушісі медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) болып табылады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 10964) бұйрығына сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан берілетін еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті
берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-
қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша іс-қимылды бастауға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 11304) бұйрығымен бекітілген «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 9 тармағында

көзделген құжаттары болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінуі негіз болады.

1 – Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдердің (іс-қимылдардың) мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1 – іс-қимыл – көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдау. Орындалу ұзақтығы – 30 (отыз) минуттан аспайды;

2 – іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу бөлімінің маманы «Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру» журналына жазба жазады және көрсетілетін қызметті алушыға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру. Орындалу ұзақтығы – 30 (отыз) минуттан аспайды.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 30 (отыз) минуттан аспайды.

6. Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 1-ші іс-қимыл бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдау, ол 2-ші іс-қимылды бастауға негіз болады. Осы Регламенттің 5 тармағында көрсетілген 2-ші іс-қимыл нәтижесі журналға жазба жазу, көрсетілетін қызметті алушыға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтаманы беру болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі: көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу бөлімінің маманы.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті рәсімдердің (іс-қимылдардың) сипаттамасы:

1 – іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу бөлімінің маманы стандартының 9 тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдайды. Орындалу ұзақтығы – 30 (отыз) минуттан аспайды;


2 – іс-қимыл – көрсетілетін қызметті берушінің тіркеу бөлімінің маманы «Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру» журналына жазба жазады және көрсетілетін қызметті алушыға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру. Орындалу ұзақтығы – 30 (отыз) минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің, қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің)

өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы Регламентке қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «электрондық үкімет» веб-порталында, қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.

«Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірліктің атауы



- келесі рәсімге (іс-қимылға) көшу